

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ ҮЙІ МЕН ДӘСТҮРЛІ КҮЙІ

ЮНЕСКО-ның шешімімен адамзат қазынасы қатарына

ҚОСЫЛДЫ





Сүйінішті жақсылық жаңалықты естіген бойда Алматыдағы Ұлттық кітапхананың директоры, көрнекті қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі Ұлттық комитеттің төрағасы Әлібек АСҚАРОВПЕН әңгімелесуге асығып едік.

– Әлібек Асылбайұлы, осы ерекше оқиғаның жай-жапсарын кеңірек айтыңызшы? Сүйінші хабарды қашан алдыңыздар?

– ЮНЕСКО-ның Париждегі штабпәтерінен қуанышты хабарды күні кеше ғана алып отырмыз. Иә, қазағымыздың дәстүрлі күйшілік өнері мен киіз үйі Адамзаттың рухани мұрасының Көрнекі тізіміне енгізілді. Мәдениетіміздің осынау екі асыл мәйегі басқа да дүниелердің қатарында 2013 жылы ұсынылып, ЮНЕСКО тарапынан қарауға қабылданған болатын. Іштей күпті көңілмен күтіп жүргенбіз. Енді, міне, ақ түйенің қарны жарылды. Дәл Тұңғыш Президент күні қарсаңында, Тәуелсіздік мерекесі алдында әлемдік тізімге енуіміз еліміз үшін үлкен оқиға, бәрекелді дейтін жаңалық, халқымыздың, ұлтымыздың мерейі болғандығына сөз жоқ. Қазақтың қара домбырасының қоңыр күйін енді дүние жүзі танытын болады. Сонау Оңтүстік Американың, Африканың, Австралияның, Еуропаның адамдары сол тізімнен көріп күй өнерімізге, қазақ қырғыздың киіз үйіне енді қызығушылық таныттарыда айдан айқын.

– Қайбір игілікті істің болсын қозғаушы күші, дем берушісі болады ғой. Мұның өзі неден басталды?

– Бертіндегі уақыттарға дейін күллі жер жүзі материалдық мәдени мұрамен айналысып келген ғой. Ол дегеніңіз, қорғандар, тарихи ғимараттар, көне қалалар, т.б. Материалдық мәдени мұра орайындағы Бүкіләлемдік мәртебелі тізімге бізден бұған дейін екі дүние – Таңбалытас петроглифтері мен Әзірет Сұлтан кесенесі енгенін білеміз. Сөйтіп, Материалдық емес мәдени мұра – рухани дүниелер назардан тыс, ескерусіз қалып бара жатқандығын ЮНЕСКО дер кезінде еске салды. Әсіресе, Оңтүстік Америкада, саны аз халықтар рухани көзайымдарынан мүлдем айырылып, ұмытып жатыр. Осыған ұқсас жағдайлар біздің қазақ халқының басында да жоқ емес. Қамданбасақ қапы қаламыз, бүгін шара қолданбасақ, ертең кеш болары хақ. Сол себептен де, 2003 жылғы 17 қазанда Парижде қабылданған Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция 2011 жылғы 23 желтоқсанда ратификацияланды. ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы жанындағы Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі Ұлттық комитет құрылды. Қазақстанның Материалдық емес

мәдени мұрасын сақтау және дамыту тұжырымдамасы қабылданып, оны Мемлекет басшысы мақұлдағаннан кейін 2013 жылдың сәуірінде Үкімет бекітті. Сөйтіп, осы орайдағы кең көлемді жұмысқа жол ашылды. Осы салада Елбасының тікелей тапсырмасымен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде көп дүниелеріміз халқымызбен қайта қауышып, уақыт талабына сай таңбаланып, төрден құрметті орнын алып та жатыр. Осыған темірқазық бағыт ұсталғанын, әсіресе, қадап айтамын. Ол рухани дүниелер, біле білсек, ұлтымыздың ұйытқысы, елдігіміздің өрнекті үлгісі ғой.

– Ұлттық комитет атқарған шаруаларға аз-кем тоқталсаңыз?

– Біз комитет басшылығын көрнекті мәдениеттанушы ағамыз Мұрат Әуезовтен қабылдап алдық. Әуелден дұрыс жолға қойылған жұмысты екі жылдан бері сәтімен ілгері жалғастырып келеміз. Ең әуелі Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізімі жасалып, ол министрлікте бекітілді. Бұл тізімнің өзі біздің айналысатын ісіміздің бағытбағдары, атқарылатын жұмысымыздың бағдарламасы, бағдаршамы сияқты дер едім. Бұл тізімде әзірге ұзын ырғасы 50-ге жуық аталым көрсетілген. Айтар болсақ, Наурыз мейрамы, құсбегілік, айтыс өнері, киіз үй, қазақтың дәстүрлі домбыра күйі өнері, қазақтың дәстүрлі ән өнері, зергерлік өнері, көкпар, казак күресі, киіз басу, бесік, қымыз, асық ату, тоғызқұмалақ, қазақтың дәс түрлі кілем тоқу өнері, бақсы сарыны, шіл дехана, тағысын-тағылар болып кете береді.

Иә, бұрынырақта мәдени мұраларымызды жинау, қордалау, реттеу барысында материалдық жағына көп мән беріліп, материалдық емес мұраларымыздың кенже қалғанын мойындағанымыз да жөн. Соларды жіпке тізіп өтудің өзінен-ақ көп жайды байқаймыз. Аумалы-төкпелі заманнан, көшпелі кезеңнен келе жатқан киіз үйі, оның ішкі-сыртқы ерекшеліктеріне сай орайластырылған жиһаз мүлкі. Ер қанаты – жылқыға, төрт түлік малына, аңшылық, саяткерлік, жаугершілік өміріне қатысты пайдаланылған құрал-жабдықтары мен өнер үлгілері (ат-әбзелдері, ер-тұрманы, қасапшылық, құсбегілік, зергерлік, балгерлік, тері өңдеу, текемет тігу, ұлттық ойындарымыз бен тағамдарымыздың сан алуан түрі), кең даланы күмбірлеткен күйі, қобыздың үні, шырқатып салған әні, ауыздан ауызға айтылған дастандар мен батырлар жырлары, қиялды шарықтатар ертегілері. Осылар қай ұлттың да мақтаныш етуіне лайықты емес пе!

– Олай болса, Материалдық мәдени мұра мен рухани мұраның аражігін қалай ажыратамыз? Осы орайдағы негізгі ұғымдар мен айқындамалар қандай?

– Мысалға киіз үйді алайық. Оның өзі материалдық мұра. Ал оның жасалу жолы мен дәстүрі, ішінің жиналуы мен жиһаздалуы рухани мұраға жатады. Домбыра да солай. Домбыраны пайдалана отырып туатын өнер, одан шығатын музыкалық үн Материалдық емес мұрамыздың бір мәйегінен саналады. Сол сияқты халқымыздың ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптары, орындаушылық өнер, салттар, мейрамдар, табиғат пен әлемге қатысты түсінік-пайымдар, дағдылар, ұлттық ойындар, сондай-ақ осылармен байланысты құралдар мен заттар, артефактілер рухани құндылықтардың ең құнарлы қатарында. Олар ұлттың болмысын, мінезін, бет-бейнесін танытады десек, оларды ұмыту өзінді ұмытумен парапар. Материалдық емес мұра ны қорғаудың, насихаттаудың, дәріп теудің, зерттеудің, одан әрі әлемге танытудың, одан қала берді жаңағыдай, бүкіләлемдік тізімге талмай талаптана жүріп қостырудың бір мәнісі мен маңыздылығы осында болса керек.

– Осы ретте ЮНЕСКО-ға ұсыныстар дайындап берудің де біраз шырғалаңдары бар болар?

– Иә, бірден айтайын, ол оңай жұмыс емес. Бір айта кетерім, Ұлттық комитетте нағыз ұлтжанды азаматтар, патриот мамандар жұмыс істейтін болып шықты. Оны дайындалған құжаттар сапасынан айқын көреміз. Комитет мүшелерінің кәсібилігі, білімдарлығы, халықаралық дәрежедегі жоғары іскерлік мәдениеті, әрі-беріден соң ілкімді мәмілегерлігі осы орайда білінді. ЮНЕСКО бізге екі тізім жасатады. Оның біріншісі, Адамзаттың рухани мұрасына ұсынылатын Репрезентативті тізім. Біз оны көрнекі тізім деп қазақшаладық. Ал екіншісі, Шұғыл қорғауға мұқтаж Материалдық емес мәдени мұра тізімі. Бұл дегеніңіз, яғни жоғалып бара жатқан, соңғы иелері, соңғы білетіндер өмірден

өтіп кетсе, жетімнің күйін кешіп, ертең жойылып кететін дүниелер. Сол тізімге біз зергерлік өнерді, күміспен өңдеу өнерін арнайы дайындап жатырмыз. Оның ақ адал иесі осыдан сегіз жыл бұрын өмірден озған ұлық ұста, аяулы, өнерлі азаматымыз Шоқпарұлы Дәркембай еді ғой.

Біз ЮНЕСКО-ның қаралып жатқан номинациялары бойынша бұған дейін сегіз дүниемізді ұсынып қойған болатынбыз. Атап айтқанда, олар – қазақтың дәстүрлі күйшілік өнері және айтыс, яғни импровизация өнері. Бұларға басыбайлы өзіміз иеміз. Ал киіз үй, оны жасаудың дәстүрлі жолдары мен дағдыларын құжаттап Қырғызстанмен бірлесіп өткізгенбіз. Сол сияқты, Наурыз мейрамы да шығыстың көп халықтарына ортақ құндылық болғандықтан, оны өзге тоғыз елмен біріге отырып ұсындық аталмыш тізімге. Бұлардан басқа әзірге ЮНЕСКО тарапынан қарауға қабылданғандары – бүркіт салу, асық ойнау, ағашты ұңғылап бітеу, домбыра жасау, қазақ күресі.

– Осындай рухани-мәдени мұраларымызды жалпы адамзаттың алқалы назарына ұсынудың белгілі бір қисынталап тары, жөн-жосықтары, өзіндік критерийлері, айқындамалары да бар шығар?

– Әлбетте. Өзім де әңгімені осыған қарай ойыстырайын деп отырмын. Біріншіден, Көрнекі тізімге ұсынылған дүние Конвенцияның 2 - бабында айқындалған Материалдық емес мәдени мұра болуы тиіс. Екіншіден, оның құндылығы, мәнділігі жалпы өркениеттік жоғары деңгейден табылып, халықтардың ұнқатысуын ынталандыруы, бүкіл әлемдегі мәдени әр алуандықты паш етуі керек.

Сонымен бірге, біздің мамандарымыз аталымға ұсынылған Материалдық емес мұра туралы толыққанды ақпаратты ағылшын тілінде дайындап жіберуде. Оларға фото және бейнематериалдар қосылады. Ұсынған дүниеміздің адамзат мұрасы болуға лайықтылығы жеріне жеткізе дәлелденеді. Сондай-ақ, ұсынылған Материалдық емес мұраның Қазақ еліндегі хәм әлемдік қоғамдастықтағы көкейкестілігі мен маңыздылығы паш етіледі. «Ел іші – өнер кеніші» деп өзіміз айтатындай, күйшілер, бишілер, өнерпаздар кәсіби әртістер емес, халық арасынан шыққан қарапайым дарынды адамдар болуы керек. Құжатты соның бәрі дәлелденіп, көздері анық жеткенде ғана қабылдап алады. Міне, осындай құжаттарды мүлтіксіз, таптұйнақтай етіп дайындауға да біраз уақыт, қаншама күш-жігер, көз майы сарп етілді. Осы ретте өзі де ағылшын тілінде таза сөйлейтін Мәдениет министрі, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан тарабының бас хатшысы Арыстанбек Мұхамедиұлының басшылығымен бұл жұмыстардың баршасы ықтиятты, сауатты, жоғары кәсібилікпен жүргізілді десек, артық айтқандық емес. Халықаралық қарым-қатынас мәдениеті жете меңгерілді. Мәдениет министрлігінің тапсыруымен «Қазақстан» және «Хабар» телеарналары Көрнекі тізімге ұсынылатын рухани мұралар жайында жеке-жеке деректі фильмдер түсірді. Ғылыми-зердемелер жасалды. Күйшілік өнер хақындағы материалдарды өнертану кандидаты, профессор Сайда Елеманова, киіз үй туралы өлкетану музейінің директоры Тамара Жұмәлиева жетекшілік еткен маңғыстаулық мамандар әзірледі. Наурыз мейрамы жайлы ақпарат-құжаттар Орталық мемлекеттік музейдің ғалым-хатшысы Ғалия Теміртон мен Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Альмира Наурызбаеваның қолдарынан өтті. Осы ортақ іске еңбек сіңіргендердің бәрінің аттарын атап шығу мүмкін емес. Солар қоғамдық негізде, ақысыз-пұлсыз, таза патриоттық құлшыныспен жұмыс істеді. Нәтижесін, міне, көріп отырсыздар. Шын құлшынсақ, қолдан келеді екен. Ақыр аяғында айналып кетейін қасиетті киіз үйіміз бен киелі күйіміз Адамзат мұрасының алтын қорына қосылды.

– Қуанамыз, қол соғамыз. Бәрекелді дейміз. Алда шығар тауымыз бұдан да биік болғай!

Әңгімелескен
Қорғанбек АМАНЖОЛ